

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2025 жылғы 23 қаңтардағы № 15 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2025 жылғы 23 қаңтарда № 35660 болып тіркелді

ЗҚАИ-ның ескертпесі!

Осы бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 4 т. қараңыз

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қоса беріліп отырған Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін;

2) осы бұйрық ресми жарияланғаннан кейін оның Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің интернет-ресурсында орналастырылуын қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау жетекшілік ететін Қазақстан Республикасының ауыл шаруашылығы вице-министріне жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік алпыс күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасы

Ауыл шаруашылығы

министрінің міндетін атқарушы

Е. Кенжеханұлы

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Денсаулық сақтау министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Сауда және интеграция

министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Ұлттық экономика министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Цифрлық даму, инновациялар және

аэроғарыш өнеркәсібі министрлігі

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасы

Экология және табиғи ресурстар

министрлігі

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы министрінің
міндетін атқарушы
2025 жылғы 23 қаңтардағы
№ 15 бұйрығымен
бекітілген

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі

1. "Ветеринария саласындағы нормативтік құқықтық актілерді бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 30 қазандағы № 7-1/559 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9891 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жануарлардың және адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты міндетті түрде алып қою және жою жүргізілетін кездегі жануарлардың аса қауіпті ауруларының тізбесі осы Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесіне (бұдан әрі – Тізбе) 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 16-04/647 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10254 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру қағидаларында:

2-тармақтың 3) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"3) "электрондық үкіметтің" веб-порталы (бұдан әрі – портал) – нормативтік құқықтық базаны қоса алғанда, бүкіл шоғырландырылған үкіметтік ақпаратқа және

электрондық нысанда көрсетілетін мемлекеттік қызметтерге, табиғи монополиялар субъектілерінің желілеріне қосуға техникалық шарттарды беру жөніндегі қызметтерге және квазимемлекеттік сектор субъектілерінің қызметтеріне қол жеткізудің бірыңғай терезесі болатын ақпараттық жүйе.";

2-тараудың тақырыбы мынадай редакцияда жазылсын:

"2-тарау. Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитіне рұқсат беру тәртібі";

4, 5 және 6-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. "Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына және импортына рұқсат беру" мемлекеттік қызметін (бұдан әрі – мемлекеттік көрсетілетін қызмет) Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы немесе оның орынбасарлары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші) көрсетеді.

Көрсетілетін қызметті беруші осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына және импортына рұқсат береді.

5. "Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына және импортына рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – Тізбе) осы Қағидаларға 2-қосымшада көрсетілген.

6. Жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушылар) тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына рұқсат алу үшін болжамды орын ауыстыру басталғанға дейін портал арқылы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) куәландырылған электрондық құжат нысанында өтініш ұсынады.

Өтініш жануарларды өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өндеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектісінің, сондай-ақ орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспорты (импорты) жоспарланатын, ветеринариялық препараттарды, азықты және азықтық қоспаларды өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдардың орналасқан жері бойынша беріледі.

Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін пайдаланылатын тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден не цифрлық

құжаттар сервисінен алады. Портал мен ақпараттық жүйелердің ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Өтініш берілгеннен кейін порталда көрсетілетін қызметті алушының "жеке кабинетінде" мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұранымның қабылданғаны туралы мәртебе, сондай-ақ мемлекеттік қызметті көрсету нәтижесін алу күні мен уақыты көрсетілген хабарлама көрсетіледі.";

22-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"22. Импорттаушы елдің немесе экспорттаушы елдің ветеринария саласындағы уәкілетті органының Қазақстан Республикасының аумағы арқылы орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің транзитіне рұқсат беру туралы хаты мынадай мәліметтерді қамтиды:

1) жүк жөнелтушінің атауы (заңды тұлғалар үшін – өндіріс объектісінің атауы, елі, өңірі, ауданы, мекенжайы, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілерді тасымалдауды (орнын ауыстыруды) жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін – аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, елі, өңірі, ауданы, өндіріс объектісінің мекенжайы);

2) өндіруші кәсіпорынның атауы (кәсіпорынның атауы, елі, өңірі, ауданы, мекенжайы);

3) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің атауы;

4) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің саны және оның өлшем бірліктері;

5) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің экспорттаушы немесе импорттаушы елі және шыққан елі;

б) көлік түрі;

7) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні әкелу және әкету жүзеге асырылатын Қазақстан Республикасының Мемлекеттік шекарасы арқылы өткізу пункттерінің тізбесі;

8) аумағы арқылы орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің транзиті жүзеге асырылатын тиісті әкімшілік-аумақтық бірліктің Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторымен немесе оның орынбасарларымен келісілген жануарларды тасымалдау бағдары, аялдамалары, қайта тиеу, азықтандыру (суару) орындары, тасу (айдау) шарттары.";

24, 25 және 26-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"24. Ведомствоның жауапты орындаушысы 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидалардың 22-тармағында көрсетілген ұсынылған мәліметтердің толықтығы мен дұрыстығын, сондай-ақ орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің осы Қағидалардың 23-тармағына сәйкестігін тексереді.

Хатта көрсетілген мәліметтердің толық және дұрыс болу фактісі және осы Қағидалардың 23-тармағына сәйкестігі анықталған жағдайда, ведомствоның жауапты

орындаушысы 1 (бір) жұмыс күні ішінде осы Қағидаларға 4-1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің транзитіне рұқсатты не уәжді бас тартуды ресімдейді.

25. Ведомствоның жауапты орындаушысы импорттаушы елдің немесе экспорттаушы елдің ветеринария саласындағы уәкілетті органына электрондық құжат нысанында тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің транзитіне рұқсатты не Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы немесе оның орынбасары қол қойылған уәжді бас тартуды жібереді.

26. Хатты қарау және рұқсат беру немесе уәжді бас тарту мерзімі 2 (екі) жұмыс күнін құрайды.";

28-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"28. Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы немесе оның орынбасары осы Қағидалардың 23-тармағында көрсетілген талаптарға сәйкессіздік болған кезде тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің транзитіне рұқсат беруден бас тартады.";

көрсетілген Қағидаларға 1, 2 және 3-қосымшалар осы Тізбеге 2, 3 және 4-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы Тізбеге 5-қосымшаға сәйкес 4-1-қосымшамен толықтырылсын.

3. "Сараптама актісін (сынақ хаттамасын) беру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 7-1/19 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10410 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Сараптама актісін (сынақ хаттамасын) беру қағидаларында:

6-тармақтың 4) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"4) ақпараттық жүйені пайдалана отырып ветеринариялық-санитариялық сараптама нәтижелері бойынша сараптама актісін (сынақ хаттамасын) ресімдеуді және беруді қамтиды.";

көрсетілген Қағидаларға 1-қосымша осы Тізбеге 6-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

4. "Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру

қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 7-1/37 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10466 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру қағидаларында:

3-тармақта:

б) тармақша алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 8-1) тармақшамен толықтырылсын:

"8-1) "электрондық үкіметтің" веб-порталындағы пайдаланушы кабинеті – "электрондық үкімет" веб-порталының электрондық нысанда қызметтер көрсету мәселелері, өтініштерді қарайтын субъектілерге жеке және заңды тұлғалардың өтініш жасау, сондай-ақ дербес деректерді пайдалану мәселелері бойынша көрсетілген тұлғалардың мемлекеттік органдармен ресми ақпараттық өзара іс-қимылына арналған құрамдасы;"

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Мемлекеттік қызметті алу үшін жеке және заңды тұлғалар (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті алушы) көрсетілетін қызметті берушіге портал арқылы осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының ЭЦҚ-мен қол қойылған электрондық құжат нысанында өндіріс объектісіне есепке алу нөмірін беруге арналған өтінішті жолдайды.

Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы, өндіріс объектісіне бұрын берілген есепке алу нөмірі туралы, өндіріс объектісіне ветеринариялық-санитариялық қорытындының бар-жоғы туралы, меншік құқығында немесе өзге де заңды негізде (бір жылдан астам мерзімге жалға беру /өтеусіз пайдалану) өндірістік үй-жайлардың бар-жоғы туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін пайдаланылатын тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден не цифрлық құжаттар сервисінен алады.

Портал мен ақпараттық жүйелердің ақпараттық өзара іс-қимылы "Ақпараттандыру туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 43-бабына сәйкес жүзеге асырылады.

Мемлекеттік қызметті көрсету үшін сұранымның қабылданғаны туралы жеке кабинеттегі тиісті мәртебе порталда өтініштің қабылданғанын растау болып табылады."

10-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"10. Жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі өзгерген, дара кәсіпкерді қайта тіркеу және (немесе) оның атауы өзгерген, заңды тұлғаның атауы өзгерген және (

немесе) заңды тұлға бірігу, қайта құру, заңды тұлғаның басқа заңды тұлғаға қосылуы, бөліп шығару және бөліну нысанында қайта ұйымдастырылған, өндірістік үй-жайларға меншік құқығы өзгерген немесе өндірістік үй-жайларды жалға беру шарты (өтеусіз пайдалану шарты) өзгерген, бұзылған, тоқтатылған жағдайда, көрсетілетін қызметті алушы өзгерістер туындаған сәттен бастап 1 (бір) ай ішінде көрсетілетін қызметті берушіге ақпараты мемлекеттік ақпараттық жүйелерде қамтылған құжаттарды қоспағанда, өзгерістер туралы ақпаратты растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып, осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өндіріс объектісіне есепке алу нөмірін беруге өтініш береді.

Егер осы тармақтың бірінші бөлігінде көрсетілген өзгерістер өндіріс объектісінің жүзеге асырылатын қызмет түрінің өзгеруіне әкеп соқпаса, онда көрсетілетін қызметті беруші өтініш тіркелген сәттен бастап 2 (екі) жұмыс күні ішінде өндіріс объектісіне есепке алу нөмірінің берілгені туралы растауды қайта рәсімдейді.

Қызмет түрі өзгерген жағдайда, өндіріс объектісі осы Қағидаларға сәйкес есепке алу нөмірін беру рәсімінен қайта өтеді.

Жылжымалы (мобильді) объектілері бар өндіріс объектілері оларды қолданыстағы есепке алу нөміріне байланыстырады.";

12-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"12. Есепке алу нөмірі, мал сою алаңдарына, жалға беру, өтеусіз пайдалану шартының негізінде өндірістік үй-жайларда қызметін жүзеге асыратын өндіріс объектілерін қоспағанда, өндіріс объектісі қызметінің барлық кезеңіне беріледі.

Мал сою алаңдарына есепке алу нөмірлері 1 (бір) жыл мерзімге беріледі және сол өңірде ет өңдеу кәсіпорындары немесе мал сою пункттері салынғанға дейін жыл сайын расталуға тиіс. Жалға беру, өтеусіз пайдалану шартының негізінде өндірістік үй-жайларда қызметін жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне есепке алу нөмірлері жалға беру, өтеусіз пайдалану шартының қолданылу мерзіміне беріледі. Бар есепке алу нөмірін растау үшін жалға беру, өтеусіз пайдалану шартының негізінде өндірістік үй-жайларда қызметін жүзеге асыратын сою алаңдары, өндіріс объектілері берілген есепке алу нөмірлерін сақтай отырып, осы Қағидаларға сәйкес есепке алу нөмірлерін алуда қайта рәсімдеуден өтеді.";

көрсетілген Қағидаларға 1, 2 және 3-қосымшалар осы Тізбеге 7, 8 және 9-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

5. "Кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын союды ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 27 сәуірдегі № 7-1/370 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11591 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларын союды ұйымдастыру қағидаларында:

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Ауыл шаруашылығы жануарларын сою алдындағы ветеринариялық қарап тексеру мен ұшалар мен ағзаларды сойғаннан кейін ветеринариялық қарап тексеру нәтижелерін ветеринариялық дәрігер "Ветеринариялық есеп пен есептілік нысандарын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 25 ақпандағы № 16-07/114 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 9342 болып тіркелген) сәйкес бекітілген нысан бойынша сойылатын жануарларды қарап тексерудің және сою пункттері (алаңдары) мен ет комбинаттарында ет және ет өнімдерін ветеринариялық-санитариялық сараптау нәтижелерін есепке алу журналына тіркейді және ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру дерекқорына енгізеді.";

8 және 9-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"8. Сою алаңдарында (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарында) жануарларды сою кезде ветеринариялық дәрігер:

союға келіп түскен ауыл шаруашылығы жануарларына (немесе жеке жануарға) ілеспе ветеринариялық құжаттың (ветеринариялық анықтама немесе ветеринариялық сертификат) болуына және ауыл шаруашылығы жануарларының (немесе жеке жануардың) ілеспе ветеринариялық құжатқа сәйкестігіне тексеруді;

ауыл шаруашылығы жануарында Қазақстан Республикасының Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 30 қаңтардағы № 7-1/68 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11127 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру қағидаларына (бұдан әрі – Бірдейлендіру қағидалары) сәйкес берілген жеке нөмірінің, ветеринариялық паспортының және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 2 маусымдағы № 367 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 6321 болып тіркелген) бекітілген Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру және жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру қағидаларына (бұдан әрі – Дерекқор қалыптастыру және жүргізу қағидалары) сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорда немесе одан алынған үзінді-көшірмеде өткізілген ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралар мен диагностикалық зерттеулер туралы мәліметтердің болуына тексеруді;

ветеринариялық қағидаларға сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларының термометриясын жүргізе отырып, сою алдында ветеринариялық қарап-тексеруді және ұшалар мен ішкі ағзаларды сойылғаннан кейін қарап-тексеруді, ұшаларды таңбалауды жүргізеді.

Ауыл шаруашылығы жануарлары сою алаңдарында (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарында) сойылған кезде Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11898 болып

тіркелген) бекітілген Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларына және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарға (бұдан әрі – Ветеринариялық құжаттарды беру қағидалары) сәйкес облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың ветеринария саласындағы маманы немесе жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін анықтау жөніндегі өндірістік бақылау бөлімшесінің ветеринариялық дәрігері берген, жануарды сою алдында ветеринариялық қарап-тексеру және сойылғаннан кейін ұшалар мен ағзаларды ветеринариялық қарап-тексеру нәтижелері көрсетілген тиісті әкімшілік-аумақтық бірлік аумағының саламаттылығы туралы ветеринариялық анықтама ұшамен бірге жүреді.

Сою алаңында (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңында) ауыл шаруашылығы жануарларын сою нәтижесінде алынған ұшалар мен ағзалар өткізу алдында ветеринариялық-санитариялық сараптамадан өтеді.

9. Сою пункттерінде немесе ет өңдеу кәсіпорындарында сойған кезде ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханасының немесе өндірістік бақылау бөлімшесінің ветеринариялық дәрігері:

союға келіп түскен ауыл шаруашылығы жануарларына (немесе жеке жануарға) ілеспе ветеринариялық құжаттың (ветеринариялық анықтама немесе ветеринариялық сертификат) болуын және ауыл шаруашылығы жануарларын (немесе жеке жануарды) ілеспе ветеринариялық құжатқа сәйкестігін тексеруді;

ауыл шаруашылығы жануарында Бірдейлендіру қағидаларына сәйкес берілген жеке нөмірінің, ветеринариялық паспорттың және Деректер базасын қалыптастыру және жүргізу қағидаларына сәйкес ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі дерекқорда немесе одан алынған үзінді-көшірмеде өткізілген ветеринариялық-профилактикалық іс-шаралар мен диагностикалық зерттеулер туралы мәліметтердің болуын тексеруді;

ветеринариялық қағидаларға және Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 16 қаңтардағы № 7-1/19 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10410 болып тіркелген) Сараптама актісі (сынақ хаттамасы) беру қағидаларына (бұдан әрі – Сараптама актісі (сынақ хаттамасы)) сәйкес сою алдында термометрия жүргізе отырып, жануарды ветеринариялық қарап-тексеруді және сойылғаннан кейін ұшалар мен ішкі ағзаларды ветеринариялық-санитариялық сараптамадан өткізуді, сараптама актісін (сынақ хаттамасын) беруді, ұшаларды таңбалауды жүргізеді.

Сою пункттерінде немесе ет өңдеу кәсіпорындарында ауыл шаруашылығы жануарларын сойған кезде орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің диагностикасы және ветеринариялық-санитариялық сараптама нәтижелері бойынша ветеринариялық зертханалар берген сараптама актісінің (сынақ хаттамасының)

негізінде Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларына сәйкес берілген ветеринариялық анықтама ұшамен бірге жүреді. Ветеринариялық анықтамада сараптама актісінің (сынақ хаттамасының) берілген күні мен нөмірі көрсетіледі.

Облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдардың ветеринария саласындағы мамандарына немесе жануарлардың, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізаттың ветеринариялық нормативтерге сәйкестігін айқындау жөніндегі өндірістік бақылау бөлімшесінің ветеринариялық дәрігерлеріне осы Қағидалардың 7-тармағында көрсетілген объектілерде сойылмаған, кейіннен өткізуге арналған ауыл шаруашылығы жануарларының ұшасына, сойылған өнімдеріне ветеринариялық анықтама берулеріне жол берілмейді.";

6. "Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларын және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 21 мамырдағы № 7-1/453 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11898 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ветеринариялық құжаттарды беру қағидаларында және олардың бланкілеріне қойылатын талаптарда:

29 және 30-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"29. Ветеринариялық анықтаманы облыстардың, республикалық маңызы бар қалалардың, астананың жергілікті атқарушы органдары құрған мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар (бұдан әрі – мемлекеттік ветеринариялық ұйымдар) береді.

Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілерінде, азық өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарда ветеринариялық анықтаманы өндірістік бақылау бөлімшесінің ветеринариялық дәрігері (бұдан әрі – ветеринариялық дәрігер) Заңның 13-2-бабына сәйкес береді.

30. "Ветеринариялық анықтама беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптардың тізбесі (бұдан әрі – № 3 тізбе) осы Қағидаларға 11-қосымшада көрсетілген.

Ветеринариялық анықтаманы алу үшін жануардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың орнын ауыстыруды (тасымалдауды) жүзеге асыратын көрсетілетін қызметті алушы мемлекеттік ветеринариялық ұйымға не портал арқылы осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ветеринариялық анықтаманы беруге арналған өтінішті және № 3 тізбенің 8-тармағында көрсетілген құжаттарды ұсынады.";

38 және 39-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"38. Жануарға, жануардан алынатын өнім мен шикізатқа берілген ветеринариялық анықтама межелі пунктке дейін, ал жануардан алынған сүтке берілген ветеринариялық анықтама берілген сәтінен бастап 1 (бір) ай бойы жарамды.

Ауыл шаруашылығы жануарларын ет өңдеу кәсіпорындарында, сою пункттерінде немесе сою алаңдарында (ауыл шаруашылығы жануарларын сою алаңдарында) кейіннен сою үшін жіберу (орнын ауыстыру, тасымалдау) кезінде оларға ветеринариялық анықтама беріледі.

Жануардың, жануарлардан алынатын өнім мен шикізаттың шыққан жерінің эпизоотиялық ахуалы өзгерген жағдайда, бұрын берілген ветеринариялық анықтама алып қойылады.

39. Етке және ет өнімдеріне және субөнімдерге ветеринариялық анықтама Ветеринариялық-санитариялық қағидаларға сәйкес тәртіппен қойылған ветеринариялық таңба немесе мөртабан белгісі болған кезде беріледі.

Жануардан алынатын шикізатқа (былғары және тері шикізаты) ветеринариялық анықтама ветеринариялық зертханалар берген сараптама актісі (сынақ хаттамасы) және таңбалау (сырғалар, жапсырмалар) болған кезде беріледі. Ауыл шаруашылығы жануарларынан алынған былғары және тері шикізатын таңбалау кезінде жануардың жеке нөмірі көрсетіледі.";

52-тармақтың 1) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"1) Қазақстан Республикасы ветеринариялық сертификаттары бланкілерінің және олардың түбіртектері бланкілерінің кемінде бес дәрежелі қорғанысы болады, оның ішінде:

түсі;

су белгілері;

типографиялық нөмірі және бланкінің реттік нөмірі (сегіз араб цифрынан тұратын сан);

позитивті көріністегі гильоширлық жиектеме;

гильоширлық рамканың периметрі бойынша орналасқан микромәтін.

Ветеринариялық сертификаттар бланкілер түсі, ресімделуі және қорғаныш элементтері бойынша бірдей болады. Бланкінің форматы 210 x 297 миллиметр.

№ 1-нысанды ветеринариялық сертификат бланкісінің түсі – көк, № 2-нысан – қызыл, № 3-нысан – қоңыр.

Бланк кемінде 50 пайыз мақта талшықтарынан тұратын, оның сенімді визуалды бақылануын қамтамасыз ететін контрастілігі айқын, жарық-көлегейлі эксклюзивті су белгісі бар арнайы қағазда дайындалады. Қағаз ультракүлгін сәулелердің әсеріне жарқырамайды, спектрдің көрінетін және өзге облыстарында бақыланатын кемінде екі талшық түрінен тұрады. Ультракүлгін сәулелердің әсерінен көгілдір түсті көрінетін люминесценциясы бар арнайы талшықтар қолданылмайды.

Еуразиялық экономикалық одақтың ветеринариялық сертификаттарының бланкілері Ветеринариялық сертификаттардың бірыңғай нысандарына сәйкес келуге тиіс;" .

көрсетілген Қағидаларға 8-қосымша осы Тізбеге 10-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

көрсетілген Қағидаларға 10, 11, 12 және 13-қосымшалар осы Тізбеге 11, 12, 13 және 14-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

7. "Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 29 маусымдағы № 7-1/587 бұйрығында (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11940 болып тіркелген):

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) қағидаларда:

145-1-тармақта:

3) және 4) тармақшалар алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 4-1) тармақшамен толықтырылсын:

"4-1) мал қорымдарын (биотермиялық шұңқырларды) салуды, реконструкциялауды ұйымдастыру және оларды күтіп-ұстауды қамтамасыз ету, мал қорымдарының (биотермиялық шұңқырлардың) тізіліміне енгізу үшін мал қорымдары (биотермиялық шұңқырлар) туралы деректерді (мәліметтерді) жинау және жинақтау;"

908-тармақтың 7) тармақшасы мынадай редакцияда жазылсын:

"7) ауру және ауруға күдікті құстарды сою кезіндегі алынған мамық, қауырсынды Қазақстан Республикасында және (немесе) Евразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерде тіркелген дезинфекциялық құралдармен дезинфекциялайды және өндеуші кәсіпорындарға ветеринариялық анықтамада құс шаруашылығының күл бойынша саламатсыз екендігін көрсете отырып, екі рет қапталған ыдыста әкетеді;"

мынадай мазмұндағы 1377-1-тармақпен толықтырылсын:

"1377-1. Тамақ өнімдерінің ветеринариялық-санитариялық сараптамасының нәтижелері ақпараттық жүйеге енгізіледі.";

1388-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1388. Тамақ өнімдерінің айналымы процесінде (сатысында) оның ветеринариялық-санитариялық сараптамасы осы Қағидалардың 1392-тармағында көрсетілген жағдайлар туындаған кезде жүзеге асырылады.";

1390-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1390. Жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты өткізетін сауда объектілерінде тамақ өнімдеріне ветеринариялық-санитариялық сараптаманы осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханалары жүргізетін міндетті және қосымша зерттеулердің тізбесіне сәйкес ветеринариялық-санитариялық сараптама зертханалары жүзеге асырады.";

1392-тармақ мынадай мазмұндағы 3-1) тармақшамен толықтырылсын:

"3-1) ветеринариялық-санитариялық сараптама жүргізу туралы мәліметтер болмағанда;"

1406-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1406. Субөнімдерді, қоянның және құстың, ұсақ және жабайы жануарлардың етін таңбалау үшін көлемі шағын сопақша ветеринариялық таңба қолданылады.";

мынадай мазмұндағы 1408-1-тармақпен толықтырылсын:

"1408-1. Ет ұшаларын таңбалауға арналған бояу және техникалық шарттар "Ет ұшаларын таңбалауға арналған бояу. Техникалық шарттар" ҚР СТ 3728 ұлттық стандартында айқындалған.";

1410-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1410. Ветеринариялық-санитариялық сараптамадан өткен жылқылардың, түйелерінің, бұғылардың, аюлардың, есектердің, қашырлардың, шошқалардың, киіктердің етіне ветеринариялық таңбамен таңбаланғаннан кейін ет және ет өнімдерінің түрін көрсететін қосымша мөртабан қойылады.";

көрсетілген Қағидаларға 3 және 4-қосымшалар осы Тізбеге 15 және 16-қосымшаларға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
1-қосымша
Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің
2014 жылғы 30 қазандағы
№ 7-1/559 бұйрығына
4-қосымша

Жануарлардың және адамның денсаулығына қауіп төндіретін жануарларды, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізатты міндетті түрде алып қою және жою жүргізілетін кездегі жануарлардың аса қауіпті ауруларының тізбесі

Жануарлардың және адамның денсаулығы үшін қауіп төндіретін ауру жануарлар, жануарлардан алынатын өнімдер мен шикізат алып қою кезінде өртеу арқылы жойылатын жануарлардың аса қауіпті аурулары:

1) жануарлардың бірнеше түріне ортақ аурулар – мелиоидоз, құтыру, талан, туляремия, аусыл;

2) ірі қара малдың аурулары – нодулярлық дерматит (экзотикалық ауру)*, ірі қара малдың обасы, қарасан, қатерлі ісік*, кеміктәріздес энцефалопатия;

3) жылқы аурулары – маңқа, эпизоотиялық лимфангит, бір тұяқтылардың африка обасы;

4) қой және ешкі аурулары – созылмалы инфекциялар (скрепи, маэди-висна, аденомотоз, күл, күйіс қайыратын ұсақ малдардың обасы);

5) түйе аурулары – түйе обасы;

- 6) шошқа аурулары – африка шошқалық обасы;
7) құс аурулары – құс обасы, құс орнитозы, құстардың жоғары патогенді тұмауы;
8) ит және мысық аурулары – ит және мысық токсоплазмозы, мысықтардың микроспориясы;
9) терісі бағалы аңдар мен үй қояндарының аурулары – үй қояндарының миксоматозы.

Ескертпе: * алып қою және жою ауыл шаруашылығы жануарлары өлген кезде жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
2-қосымша
Тиісті аумақтағы эпизоотиялық
жағдайды бағалауды ескере
отырып, орны ауыстырылатын
(тасымалданатын) объектілердің
экспортына, импортына
және транзитіне рұқсат
беру қағидаларына
1-қосымша
Нысан

Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына және импортына рұқсат

Рұқсаттың берілген күні: 20__ жылғы " __ " _____

Жеке тұлғаның аты, әкесінің аты (бар болса), тегі немесе заң тұлғаның атауы

арналған (орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің экспортына және импортына) рұқсат

Рұқсаттың нөмірі және күні: _____

Өтініштің нөмірі және күні: _____

Операция түрі _____

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің атауы _____

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің саны, оның өлшем бірліктері

Еуразиялық экономикалық одақтың бақылаудағы тауардың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының коды (алғашқы төрт сан)

Үшінші мемлекеттер (Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттерден тыс) тауарының коды (алғашқы төрт сан) _____

Өндіруші кәсіпорын (кәсіпорынның есепке алу нөмірі*, өндіруші кәсіпорынның атауы, аттестатталған қызмет түрі) _____

Жүк жөнелтуші (кәсіпорының атауы, есепке алу нөмірі*) _____

Жүк жөнелтушінің мекенжайы (ел, аймақ, аудан, мекенжайы) _____

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің нақты орналасқан жері (ел, өңір, аудан, мекенжайы) _____

Экспорттаушы ел (импорттаушы ел) _____
Жүк алушы (импорт кезіндегі есепке алу нөмірі*), (кәсіпорынның атауы**),

Жүк алушының мекенжайы (ел, өңір, аудан, мекенжайы) _____

Көлік түрі _____

Жүру бағыты: _____

Мақсаттары _____

Ветеринариялық препараттардың немесе азықтық қоспалардың шыққан елін және тіркеу куәлігінің нөмірін көрсете отырып (тіркелген, қайта тіркелген күні), өндіруші ұйымдардың ветеринариялық препараттардың, азықтық қоспалардың экспорты кезінде _____

Жануардың түрі мен тұқымы _____

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің сипаттамасы (рефрижератор – VIN коды, дезинфекция туралы анықтаманың нөмірі және берілген күні) _____

Ұйымның, елдің, өңірдің, ауданның, қаланың атауы көрсетілген жануарларды карантиндеу орны _____

Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектіні карантиндеу, өндіру, сақтау шарттары _____

Рұқсаттың қолданылу мерзімі, _____ күн
Еуразиялық экономикалық одақ комиссиясының 2010 жылғы 18 маусымдағы № 317 шешімімен бекітілген Ветеринариялық бақылауға (қадағалауға) жататын тауарларға қойылатын бірыңғай ветеринариялық (ветеринариялық-санитариялық) талаптарды сақтай отырып.

Қазақстан Республикасының Бас мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы немесе оның орынбасары көрсету: _____

(аты, әкесінің аты (бар болса), тегі, электрондық цифрлық қолтаңбасы)

Ескертпе: * Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 23 қаңтардағы № 7-1/37 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10466 болып тіркелген) бекітілген Жануарлар өсіруді, жануарларды, жануарлардан алынатын өнім мен шикізатты дайындауды (союды), сақтауды, қайта өңдеуді және өткізуді жүзеге асыратын өндіріс объектілеріне, сондай-ақ ветеринариялық препараттарды, жемшөп пен жемшөп қоспаларын өндіру, сақтау және өткізу жөніндегі ұйымдарға есептік нөмірлер беру қағидаларына сәйкес берілген есепке алу нөмірі көрсетіледі;

** Еуразиялық экономикалық одақтың бақылаудағы тауардың сыртқы экономикалық қызметінің тауар номенклатурасының коды бар 1001 19 000 0, 1001 99 000 0, 1002 90 000 0, 1003 90 000 0, 1004 90 000 0, 1005 90 000 0, 1201 90 000 0, 2309 (жемдік астық) тауарлар үшін экспорттау кезінде импорттаушы ел туралы мәліметтерден басқа, жүк алушыны көрсету қажет етілмейді.

Қазақстан Республикасы
Ауыл шаруашылығы
министрінің өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
3-қосымша

Тиісті аумақтағы эпизоотиялық
жағдайды бағалауды ескере
отырып, орны ауыстырылатын
(тасымалданатын) объектілердің
экспортына, импортына және
транзитіне рұқсат беру
қағидаларына
2-қосымша

"Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына және импортына рұқсат беру" мемлекеттік қызметін көрсетуге қойылатын негізгі талаптар тізбесі

1.	Көрсетілетін қызметті берушінің атауы	Қазақстан Республикасының Бас Мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық инспекторы немесе оның орынбасарлары (бұдан әрі – көрсетілетін қызметті беруші).
2.	Мемлекеттік қызметті ұсыну тәсілдері	"Электрондық үкіметтің" www.egov.kz веб-порталы (бұдан әрі – портал).
3.	Мемлекеттік қызметті көрсету мерзімі	Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына және импортына арналған рұқсат – 2 (екі) жұмыс күні. Орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің транзитіне басқа мемлекеттердің қызметтерімен транзиттік келісуді қажет ететін рұқсаттар – 30 (отыз) жұмыс күні.
4.	Мемлекеттік қызметті көрсету нысаны	Электрондық (ішінара автоматтандырылған).
5.	Мемлекеттік қызмет көрсету нәтижесі	Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына және импортына рұқсат немесе мемлекеттік қызмет көрсетуден уәжді бас тарту.
6.	Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде көрсетілетін қызметті алушыдан алынатын төлем мөлшері және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген жағдайларда оны алу тәсілдері	Тегін.
		1) порталдың – жөндеу жұмыстарын жүргізуге байланысты техникалық үзілістерді қоспағанда, тәулік бойы (көрсетілетін қызметті алушы Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес сағат 17-00-ден кейін, демалыс және мереке

7.	Көрсетілетін қызметті берушінің және ақпарат объектілерінің жұмыс графигі	<p>күндері жүгінген жағдайда, өтінішті қабылдау келесі жұмыс күні жүзеге асырылады).</p> <p>2) көрсетілетін қызметті берушінің –Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес демалыс және мереке күндерін қоспағанда, дүйсенбіден бастап жұманы қоса алғанда, сағат 13.00-ден 14.30-ға дейінгі түскі үзіліспен сағат 9.00-ден 17.00-ге дейін.</p> <p>Өтініш демалыс (сенбі және жексенбі) және мереке күндерінен басқа сағат 17.00-ден кейін келіп түскен жағдайда, мемлекеттік көрсетілетін қызметті көрсету келесі жұмыс күні жүзеге асырылады.</p>
8.	Мемлекеттік қызметті көрсету үшін көрсетілетін қызметті алушыдан талап етілетін құжаттар мен мәліметтер тізбесі	<p>Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2014 жылғы 9 желтоқсандағы № 16-04/647 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 10254 болып тіркелген) бекітілген Тиісті аумақтағы эпизоотиялық жағдайды бағалауды ескере отырып, орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектілердің экспортына, импортына және транзитке рұқсат беру қағидаларына (бұдан әрі – Қағидалар) 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетілетін қызметті алушының электрондық цифрлық қолтаңбасымен куәландырылған электрондық құжат нысанындағы өтініш.</p> <p>Жеке тұлғаның жеке басын куәландыратын құжат туралы, заңды тұлғаны тіркеу (қайта тіркеу) туралы, дара кәсіпкерді тіркеу туралы не дара кәсіпкер ретінде қызметінің басталғаны туралы мәліметтерді көрсетілетін қызметті беруші мемлекеттік қызметтерді көрсету үшін пайдаланылатын тиісті мемлекеттік ақпараттық жүйелерден не цифрлық құжаттар сервисінен алады.</p> <p>Көрсетілетін қызметті алушылардан ақпараттық</p>

		жүйелерден алынуы мүмкін құжаттарды талап етуге жол берілмейді.
9.	Қазақстан Республикасының заңдарында белгіленген мемлекеттік қызметті көрсетуден бас тарту үшін негіздер	<p>1) көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік көрсетілетін қызметті алу үшін ұсынған құжаттарының және (немесе) олардағы деректердің (мәліметтердің) дұрыс еместігінің анықталуы;</p> <p>2) орны ауыстырылатын (тасымалданатын) объектінің, көлік құралының, мемлекеттік қызметті көрсету үшін қажетті деректер мен мәліметтердің Қағидаларда белгіленген талаптарға сәйкес келмеуі;</p> <p>3) көрсетілетін қызметті алушыға қатысты оның қызметіне немесе жекелеген қызмет түрлеріне тыйым салу туралы соттың заңды күшіне енген шешімінің (үкімінің) болуы;</p> <p>4) "Дербес деректер және оларды қорғау туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабына сәйкес мемлекеттік қызметті көрсету үшін талап етілетін қолжетімділігі шектеулі дербес деректерге қол жеткізуге көрсетілетін қызметті алушының келісімінің болмауы.</p>
10	Мемлекеттік қызметті, оның ішінде электрондық нысанда көрсету ерекшеліктері ескеріле отырып қойылатын өзге де талаптар	<p>Көрсетілетін қызметті алушының мемлекеттік қызметті көрсету мәртебесі туралы ақпаратты қашықтықтан қол жеткізу режимінде порталдың "жеке кабинеті", сондай-ақ мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы арқылы алуға мүмкіндігі бар.</p> <p>Мемлекеттік қызмет көрсету мәселелері жөніндегі анықтамалық қызметтердің байланыс телефондары Министрліктің www.gov.kz интернет-ресурсында орналастырылған. Мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері жөніндегі бірыңғай байланыс орталығы: 1414, 8 800 080 7777.</p>

Ауыл шаруашылығы
министрінің өзгерістер мен
толықтырулар енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
4-қосымша

Тиісті аумақтағы эпизоотиялық
жағдайды бағалауды ескере
отырып, орны ауыстырылатын
(тасымалданатын) объектілердің
экспортына, импортына
және транзитіне рұқсат
беру қағидаларына
3-қосымша

Нысан

Кімге: _____
(көрсетілетін қызметті беруші)
кімнен: _____
(заңды тұлғалар үшін: толық
атауы, бизнес-сәйкестендіру
